**2025 жылғы қаңтар-сәуірде Қазақстан Республикасының тау-кен металлургия саласындағы (ТМК) өндіріс көлемі 5,138 трлн. теңгені** құрады, бұл құндық мәнде 2024 жылғы ұқсас кезеңнен 25,7% жоғары. Металлургия өнеркәсібі құрылымында негізгі үлес **түсті металлургияға** тиесілі – 2 599,1 млрд. теңге, **қара металлургиядағы** өндіріс 887,6 млрд. теңгені құрады. Металл кендерін өндіруде негізгі үлесті **түсті кендерді өндіру** алады – 1 415,3 млрд. теңге, қалғаны **темір кендерін өндіруг**е тиесілі – 226,1 млрд. теңге.

**«Металл кендерін өндіру» НКИ** 2025 жылғы қаңтар-сәуірде 101,4% құрады. Бұл ретте «**темір кендерін өндіру» НКИ** 105,2% құрады. Өндірістің ұлғаюы темір кенінің (108,3%); хром кенінің (105,1%) өсуімен байланысты.

**«Түсті металл кендерін өндіру» НКИ** 101,3% құрады. Өндірістің ұлғаюы түсті металдардың негізгі кендерін өндірудің өсуімен байланысты: мыс-мырыш (100,0%).

**«Металлургия» НКИ** 2025 жылғы қаңтар-сәуірде 100,5% құрады.

**Түсті металлургиядағы НКИ** 97,7% құрады. НКИ төмендеуі тазартылған мыс (99,3%), өңделмеген тазартылған қорғасын (73,0%), аффинирленген алтын (84,2%), өңделмеген мырыш (93,4%), аффинирленген күміс өндірісінде (83,7%) .

**Қара металлургиядағы НКИ** қайта құйылған шойын (117,2%); ферроқорытпалар (105,3%); тазартылмаған болат (109,1%); жалпақ прокат (114,9%); қоспасыз (көміртекті) болаттан жасалған қырлы табақтар (105%); қоспасыз болаттан жасалған профильдер мен бұрыштар (105,9%) өндірісінің ұлғаюы есебінен 105,1% құрады.

2025 жылғы қаңтар-сәуірде **металлургия өнімінің экспорты** 2024 жылғы ұқсас кезеңге қарағанда 15,5% төмендеп, 2 699,7 млн АҚШ долларын құрады, оның ішінде қара металлургия – 1 031,6 млн АҚШ доллары, түсті – 1 668,1 млн АҚШ доллары. Өткен жылдың көрсеткішіне қатысты қара металлургия экспортының көлемі 3,9% өсті, түсті металлургия экспорты 24,3% төмендеді.

**Металлургиялық өнім экспортының құндық құрылымында** құны бойынша негізгі көлем мыс (31,8%), ферроқорытпалар (20,1%), жалпақ прокат (12,8%), мырыш (5,6%), алюминий (4,4%), глинозем (4,3%) өнімдеріне тиесілі. Металлургия өнеркәсібі экспортының теріс динамикасы мыс, алюминий, күміс, титан және одан жасалған бұйымдар және т. б. экспортының құндық көлемдерінің төмендеуіне байланысты.

*2025 жылғы қаңтар-наурызда* Қазақстан Республикасының металлургия өнімдерін өткізудің негізгі нарықтары Қытай (31,4%), Ресей (17,1%), Түркия (15,6%) және Өзбекстан (5,8%) болды.

*2025 жылғы қаңтар-наурызда* **металлургия өнімдері импортының** көлемі 2024 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 43,5% төмендеп, 701,8 млн. АҚШ долларын құрады, оның ішінде қара

металлургия – 606,4 млн. АҚШ доллары, түсті – 95,4 млн. АҚШ долларын құрады. Бұл ретте болат дайындамалар (-47,6%), жалпақ прокат (-19%), алюминий сым (-31,8%), жіксіз құбырлар (-2,4%) және т. б. импорттың құндық көлемінің төмендеуі байқалды.

*2025 жылғы қаңтар-наурызда* металлургия өнімдері **импортының құндық құрылымында** келесі өнімдер басым: болат шыбықтар (21,0%), жалпақ прокат (15,5%), жіксіз құбырлар (13,4%), дәнекерленген құбырлар (9,0%), болат дайындамалар (8,4%) және т. б.

*2025 жылғы қаңтар-наурызда* Қазақстан Республикасына металлургия өнімдерінің негізгі жеткізушілері Ресей (70,3%), Қытай (18,4%) және Италия (2,1%) болып табылады.

2025 жылғы қаңтар-наурызда Қазақстан Республикасының металлургия өнеркәсібі нарығының көлемі 3,0 млрд. АҚШ долларын құрады, оның 77% отандық тауар өндірушілерге, ал 23% импорттық өнімдерге тиесілі.

Сала үш өңірде: Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарында жоғары аумақтық шоғырлануымен ерекшеленеді. Қазақстан Республикасының металлургия өндірісінің құрылымында 2025 жылғы қаңтар-сәуірде Қарағанды облысының үлесі шамамен 22,4%, Шығыс Қазақстан облысының үлесі – 16,0%, Павлодар облысының үлесі – 12,9% құрайды.

QazIndustry

# ГОРНО-МЕТАЛЛУРГИЧЕСКАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ


## ЯНВАРЬ-АПРЕЛЬ 2025 г.

**5 138**
**МЛРД ТГ.**




**ИФО**


ДОБЫЧА МЕТАЛ. РУД – 101,4%
МЕТАЛЛУРГИЯ – 100,5%




**ЭКСПОРТ**





**РЫНОК**




**ИМПОРТ**

Данные по рынку, экспорту и импорту за **январь-март 2025** г.

### ОБЪЕМ ПРОИЗВОДСТВА В РАЗРЕЗЕ РЕГИОНОВ ЗА ЯНВАРЬ-АПРЕЛЬ 2025 Г., МЛРД ТЕНГЕ




АО «Казахстанский центр индустрии и экспорта «QazIndustry»
РК, 010000 г. Астана, пр. Кабанбай Батыра, 17, тел: +7 (7172) 79 33 90 www.@qazindustry.gov.kz